

**Мектепшілік бақылау нәтижелері бойынша
«Білім-Отан» тақырыбындағы соңғы қоңырау
салтанатты іс-шарасына анықтама**

Мерзімі: 25.05.2026

Тақырыбы: «Білім-Отан»

С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп лицейінің 27 түлегі үшін мектеп алаңында 11-сынып оқушыларына арналған «Білім-Отан» тақырыбында соңғы қоңырау салтанатты іс-шарасы жоғары деңгейде өтті. Араға жылдар легін салып, кеше ғана бүлдіршін болып мектеп табалдырығын аттаған біздің ұл-қыздарымыз жүйрік уақыт түлек етіп ұясынан ұшқалы отыр. Мектеп қашанда жақсылық пен ізгіліктің, парасаттылық пен руханиятқа толы ойдың, таным мен тәрбиелі істердің ордасы болған. - Біздің түлектеріміз оқушылық өмірлерінде ұлағатты істердің ұшқынын бойына сіңірді, тәлімімен жүрегін суарды, байыпты бағдарын бағыт етіп ұстанды, біліми көкжиегін бойына дарытты.

Салтанатты жиынға келген, қадірлі қонағымыз, Степногорск қаласының білім бөлімінің меңгерушісі мен мектеп-лицей басшысы Искакова Орынбасар Сейтовна мектеп түлектеріне, ұстаздар мен ата-аналарға жылы лебіздерін білдірді. «Білім-Отан» атты салтанатты жиын өз мәресіне жетті.

Бақылау бойынша қорытынды: «Білім-Отан» тақырыбындағы соңғы қоңырау салтанатты іс-шарасы іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді.

Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Джакенов Н.К., Насырова Б.А.